



"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақ мемлекеттік теңізде жүзу қауіпсіздігі және балық өнеркәсібі флотының порттарын қадағалау инспекциясы" мемлекеттік кәсіпорнын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 18 тамыз N 1084

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Қазақ мемлекеттік теңізде жүзу қауіпсіздігі және балық өнеркәсібі флотының порттарын қадағалау инспекциясы" мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен кәсіпорынды таратуды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*